

Ұлттық ойындар жасөспірімдердің ой қабілетін, өмірге деген адами көзқарасын дұрыс қалыптастырады. Олар үшін ойын - баланың жан-тәнін қоздыратын тартымды қозғалыс, дене мен ойды қатар жаттықтыратын тартылыс, жеңістің дәмін тартқызатын жеңімпаздардың мәртебесін көтеретін кеңестік пен қолдау тоғысы[5].

Әдебиеттер:

1. <https://www.zharar.com/kz/kurs/177821.html?ysclid=lda2svb5us289193490>
2. Әбдіразақов Е. "Ақыл-ой, парасат тәрбиесі" Шымкент қаласы. 1994ж.
3. <https://bilimainasy.kz/%D2%B1%D0%BB%D1%82%D1%82%D1%8B%D2%9B>
4. Халметова Т. Адамгершілікке баулу - тәрбиеден. "Қазақстан мектебі" 2014 ж.
5. https://for-teacher.ru/edu/shkolnomu_psihologu/dociuenn9e.html?ysclid=lda6j7ifyo640759664

Қыйлыбай Д.Б., Бейсекеева А.Т.
«№66 мектеп-лицей» КММ, Қарағанды қ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Аннотация. Қазіргі таңда қазақ тілі сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бірінші кезекте тұрған мәселе. Баланың жалпы дүниетанымының қалыптасуы, өміртанымдық көзқарастарының жетілуі мақсатында көзделген оқыту әдістерін қолдану. Жаңа заман талабына сай білім берудің негізгі мақсаты оқушыларда басты құзіреттіліктердің қалыптасуы, яғни балалар мен жастардың шығармашылық қабілеттерін ұштау, өздігінен білім алу дағдысын, қоғамдық белсенділігін қалыптастыру, олардың бойында тұтас дүниетанымды және қазіргі ғылыми дүниетанымды, этносаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Кілт сөздер: функционалдық сауаттылық, саралап оқыту, сын тұрғысынан ойлау, әдіс-тәсілдер.

Бүгінгі таңда бәсекеге қабілетті елдер қатарында болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Оқушылардың мектепте алған білімдерін қоғамдық- әлеуметтік ортада пайдалануға икемдеу, олардың функционалдық білімін арттыру арқылы еліміздің білім мен ғылымды дамыту мәселелеріне басымдық берілуі тиіс. Білім саласының даму көшінен қалмай ілгерілеу басты мақсатымыз. Қазіргі құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, саяси, мәдени, саяси және эканомикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай –ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуға.

Функционалдық сауаттылықтың негізгі міндеті- мұғалім баланы оқыта отырып оның еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастырып және де баланың өз бетінше шешім қабылдауын дағдыландыру. Осыған орай оқушылардың алған білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен даналықты білдіретін құзыреттерді қалыптастыру бастауыш сыныптардағы гуманитарлық бағыттағы пәндер басым бағыттарының бірі болып табылады. Өйткені оқушы еркін сөйлеп, өз ойын еркін жеткізе алу керек. Олай болса, функционалдық сауаттылық оқушының белгілі ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және білім, білік дағдыларының жиынтығы. Ол тек білім мен білік әлеміне барудың жолы ғана емес, ұлттық әлеуметтік дамуының өлшемі.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін кез келген жағдайда пайдалана білуін қамтамасыз ету. Яғни, оқушылар мектепте алған білімдерін тиімді пайдалана алуды үйрету. Оқушылардың функционалдық сауаттылығы мектеп қабырғасынан қалыптасады. Соның ішінде бастауыш сынып оқушыларының қазақ тілі пәнінен функционалдық сауаттылығын дамытуда білім берудің алатын орыны ерекше.

Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығы тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым деңгейлері бойынша жүргізіледі. Әлемдік тәжірибе бойынша тілді тиімді меңгерту төрт дағды арқылы жүзеге асырылады екен. Оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым дағдылары оқушының коммуникативтік дағдылары болып табылады. Коммуникативті дағдыларды басшылыққа алып оқыту функционалды сауаттылықты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Грамматикалық білім тілдік төрт дағдыны қалыптастыру барысында жүзеге асып отырады. Оқушының әдеби тіл нормаларын дұрыс және орынды қолдана білуіне мән беріледі. Ал лексикалық тақырыптар белгілі бір тақырыптар аясында оқушылардың сөздік қорын байта отырып, сөздердің мағынасын түсінуге

көмектеседі. Оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуда әрбір пәннің рөлі зор. Сондықтан да қазіргі таңда оқушыларға саналы тәрбие мен сапалы білім беру ісін жаңа талап тұрғысынан өзгертіп, оқу тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру керекпіз. Демек, біз шығармашыл тұлғаны қалыптастыру үшін әр сабағымызда біз тек оқулық шеңберінде шектеліп қалмай, әр баланың талабына сай сараланған тапсырмалар әзірлеп, ыңғайластыруымыз керек.

Жалпы бала табиғаты, оның ой парасатының қалыптасуы, күнделікті өмірдегі дүниені танып-білуі, (ТКО әдісі ұсынуға болады) оны ұғынуы, сөйлеуі ең алдымен, көрнекілікке негізделетіні белгілі. Балалардың сөзді қорын, сөйлеу тілін дамытуда көрнекілік пен ойын әдісін, АҚТ технологияларын пайдалану ерекше рөл атқаратыны белгілі.

Бұл туралы Қ.Д. Ушинский «Көрнекілік оқытудың ең негізгі мақсаты-байқағыштыққа, логикалық түйінділікке және өзінің көргендерін сөзбен дұрыс жеткізуге, бұлардан логикалық қорытынды шығаруға жаттықтыру»-деп түйіндейді.

Бастауыш сыныптарда оқулық мазмұны бағдарламасында көрсетілген тақырыптарға сәйкес көркем суреттермен беріледі. Ал суреттер талдау, жинақтау әдісіне негізделеді (Блум таксаномиясы). Яғни оқушыларды сұрақ жауап әдісі арқылы сөйлеуге үйрету. Оқушының сөздік қорын оқулықта берілген дара суреттерді не нақтылы заттың өзін көрсету, ойындар ойнату және өзара сөйлестіру жолдарымен байытып, сөздің дыбысталу жағын дұрыс айтуды грамматикалық тәсілдерді практика жүзінде, логикалық жаттығулар орындату.

Мұғалім сабаққа дайындық жұмысын аталған міндеттерге сәйкес қарастыруға тиіс. Осы сабақтарды өткенде тек қана оқулық суреттерімен шектеліп қалмауы керек. Тіл үйрету барысында көзделген нақты мақсаттарға сай мұғалім қосымша материалдар дайындауы тиіс. Олар: сабаққа керекті көрнекіліктер, техникалық құралдар, оқулықтағы суреттердің мазмұнын түсіндіруге арналған сұрақтар, әр түрлі жаттығу жұмыстары, ойын, ойыншық түрлері, қысқа өлең, такпақ, жаңылтпаш, жұмбақ т.б

Оқушыларға көзбен көрген айғақтар бойынша сауалнама қойылады. Шағын топтағы қатысушылар бір, екі немесе үш қарама-қарсы сурет тандайды. Әрбір сурет үлкен қағаз парағына орналастырылады. Сурет бойынша «Миға шабуыл» әдісі арқылы ықтимал сұрақтар қойылып, суреттің айналасына жазылады: Бұл фотоны түсірген немесе салған кім? Ол қашан жасалған немесе салынған? Бұл жаттығулар түрін пәнаралық тарих пәнімен ұштастырып, оқушыларға ұсынуға тиімділігі зор яғни ізденушілік, ой-өрісі, ынтасы арттырады.

Сыныптағы саралау жұмысының жалпы ортақ қабылданған жеті тәсілі бар:

Тапсырма

- ✓ Мұның құрамына білім деңгейі әртүрлі оқушыларға арналған тапсырмалар кіреді.
- ✓ Оқушылардың қажеттіліктеріне қарай (көмек керек пе, әлде күрделі тапсырмалар беру керек пе?) түрлі кестелерді немесе жаттығулар мен тапсырмаларды жасау.

- ✓ Күрделілігіне қарай алға ілгерілеп отыратын тапсырмалары бар карточкаларды пайдаланыңыз.

Дереккөздер

- ✓ Кейбір оқушылар басқа сыныптастарына қарағанда анағұрлым күрделі дереккөздермен жұмыс істей алады.

- ✓ Дереккөздердің ауқымы талқылауға негіз болатын мәтіндерден бастап, анағұрлым қиын сөздерді және күрделі идеяларды түсіндіретін мәтіндерге дейін ауытқып отырады.

- ✓ Баспадан шыққан және электронды дереккөздер де пайдалануы мүмкін.

- ✓ Бұл материалды пайдаланудың анағұрлым ауқымды көлемін көрсетеді.

Қарқын

- ✓ Кейбір оқушылар басқаларына қарағанда жылдам жұмыс істейді.
- ✓ Қосымша тапсырмаларды көп күш жұмсауды талап ететін оқушылар үшін қолдануға болады.

- ✓ Негізгі тапсырмаларды түсіндіруде көмек қажет ететін оқушыларға біршама уақыт беріледі.

Қорытынды

- ✓ Барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады.
- ✓ Мұғалім тапсырма береді, бірақ жалғыз «дұрыс» жауаптың бағытында жұмыс істеуден гөрі оқушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді.

- ✓ Барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысының өздерінен не күтетіндігін түсінгендеріне көз жеткізу керек.

Диалог және қолдау көрсету

✓ Кейбір оқушыларға тапсырманы орындау барысында жан-жақты әрі нақты көмек қажет болады.

✓ Мұғалім оқушыларды ойланту үшін және бірқатар жауаптар алу үшін алдын ала дайындалған сұрақтарды қоюына болады.

Бұл әдісті қолдану барысында сөзбен қолдау көрсету және ынталандыру да маңызды рөл атқарады.

Бағалау

✓ Оқушылар үнемі бағаланып отырады, осылайша педагогикалық қызмет пен саралаудың басқа да түрлері оқушылардың қажеттіліктеріне қарай үнемі түзетіліп отырылуы мүмкін.

✓ Педагогикалық қызмет табыстылықты, жақсартуды, түзетуді қажет ететін салаларды анықтайтын әмбебап үдеріс болуы керек. Сонда ғана біз пәнді оқытудан оқушыны оқытуға қарай жылжи аламыз.

Жіктеу

Оқытудың болжалды міндетіне қарай топ құруда пайдалы көптеген тәсілдер бар:

✓ мүдделері ұқсас оқушылар (мысалы, қиындық деңгейі немесе қолдау деңгейі)

✓ талаптары әртүрлі оқушылар

✓ джигсо топтары

✓ кәсіби дағдыларына қарай бөлінетін топтар немесе сарапшы топ.

Олай болса, функционалдық сауаттылық оқушының белгілі ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және білім, білік дағдыларының жиынтығы. Ол тек білім мен білік әлеміне барудың жолы ғана емес, ұлттық әлеуметтік дамуының өлшемі.

Сонымен сыни ойлау философиясындағы басты мақсат: Оқушы қандай да болмасын ақпаратты өздігінше игеріп, өз өміріне жарата алатын әмбебап тәсілдерді үйрену керек. Білім алу оқушы тұрғысынан белсенді процесс болуы қажет, тек белсенді түрде жұмыс жасай отырып, ол қандай да болмасын білімді игереді. Сын тұрғысынан ойлау әрбір оқушының терең ойланып, тұжырым жасауға бағыттайды. Өмірде ең керекті білік пен дағды – қоғамда қарым – қатынас құра білу, басқа адамдармен тіл табысу екендігін ескере отырып, әр сабақта оқушы оқытудың басқа да қатысушыларымен (оқушылар мен ұстаздар) араласып коммуникативтік қарым – қатынас процесінің белсенді мүшесіне айналады, әрі ұжымда, қоғамда, әлеуметте қалайша өзара байланыс құру мәселесі төңірегінде ойланады. Теорияны зерттей келе сын тұрғысынан ойлау жобасының оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы ықпалы үлкен болады деген тұжырымға болжам жасаймыз. Балаға қалай бағыт берсең, солай өседі. Сондықтан баланың бойындағы жақсы қасиеттердің болуына, оның жан-жақты дамуына және баладан рухани бай тұлға қалыптастыра білу басты міндетіміз. Оқытудағы жаңа тәсілдерді пайдалана отырып, оқушы бойында өзіне деген сенімділік пен жауапкершіліктерді дамыту керек. Қазіргі жалпы орта білім беру жүйесі өтпелі кезең қасиеттерімен сипатталады. Себебі оның бойында бұрынғы жүйеге тән кемшіліктер мен сол кемшілікті жою бағытындағы жаңа бастамалар қатар кездеседі. Жаңа заман талабына сай білім берудің негізгі мақсаты оқушыларда басты құзіреттіліктердің қалыптасуы, яғни балалар мен жастардың шығармашылық қабілеттерін ұштау, өздігінен білім алу дағдысын, қоғамдық белсенділігін қалыптастыру, олардың бойында тұтас дүниетанымды және қазіргі ғылыми дүниетанымды, этносаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Әдебиеттер:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.

2. Топтық жұмыс туралы нұсқаулық.

3. Мұғалімге арналған нұсқаулық.

4. К.Д. Ушинский. Балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі таңдамалы пікірлер. Алматы, 1954 ж, 84-бет